

«№7 Хромтау мектеп-гимназиясы» КММ (жанындағы интернатымен)

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілу күні: 31.01.2022ж

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы

Қатысушылар: педагогикалық ұжым (54 тізімі бойынша)

Кеңес төрағасы: Э.К.Культаева

Хатшы: А.Ш.Жекеева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №7 Хромтау мектеп-гимназиясының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы.
Э.К.Культаева – мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Э.К.Культаева – мектеп директоры

Мектеп директоры Э.К. Культаева 2022 жылдың 5 қаңтарындағы өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. (қорытынды анықтама қоса жалғанды) Педагогикалық ұжым алдына қойылған міндеттердің бірі бұл мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу болатын. №7 Хромтау мектеп-гимназиясында арнайы құрылған комиссия мүшелері 2022 жылдың 5 қаңтары -25 қаңтары аралығында қзінеөзі бағалау жұмысы жүргізілді. Өзін-өзі бағалау жүргізуде ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды. Өзін-өзі бағалауын өткізу барысында комиссия мүшелері бағалау, өлшемшарттарының критерияларына сәйкес жоспар бойынша зерделеу жұмысы жүргізді. Комиссия мүшелері мектептің оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сйкестікті растайтын құжаттар зерделенді. Осы талаптардың сақталуына қорытынды анықтама жасалынды. Қорытынды анықтама ұжым алдында толық оқылып, таныстыру үшін сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Абдулинаға берілді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1) А.Б.Абдулина - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

- Мектепке 05 қаңтар 25 қаңтар аралығында өзін-өзі бағалау жұмысын төмендегі бағалау өлшемшарттарының нақты 4 критериялары бойынша жүргізілді.
1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.
 2. Батсауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.
 3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.
 4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

2019-2020,2020-2021,2021-2022 оқу жылдарында мектептің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінің,оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарларының ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі тексерілді.

Қорытынды анықтамамен таныстыра келе,тексеру барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер де жоқ емес екенін айтты,Жіберілген кемшіліктерді түзетуге арнайы әдістемелік ұсынымдар берілді.

ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2016 жылғы 2 ақпандығы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жасалған өзін-өзі бағалау кестесімен таныстырды.

4,9,11 кластар арасында өткен тестілеу нәтижесі бойынша тоқталып өтті.4 класс оқушылары %, 9класс оқушылары %,11 класс оқушылары % көрсеткені туралы хабарланды.Қорытынды:ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2016 ж 2- ақпандағы №124 бұйрығына 20- қосымшаның 2 бөлімі 2.1.тармағына сәйкес % деген бағаға сәйкес келеді.

2) Қ.И.Махамбетов Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары.

Оқу жоспарының жылжымалы жүктеме бөлігі (мектеп компоненті) оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған болуы керек деп есептеймін.2019-2020,2020-2021,2021-2022 оқу жылдарында педагогтар мен оқушылардың зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуда облыстық,республикалық ,халықаралық деңгейде нәтижелердің аздығына қажеттілігіне көңіл бөлу керектігі туралы айтты.Міндетті оқу пәндерін оқыту мен қатар элективті курстар,таңдау курстары бойынша білімалушылардың ғылыми жобалар қорғау жарыстарына қатысымы,зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысым болу керектігі баса айтылды.

3) Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының бірі пән мұғалімдерінің 4,9,11 кластардағы білім сапасының стандарт талаптарына сәйкес болуы туралы айтылды.МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша талдау жасалды.

Өзін-өзі бағалау жұмыстары тыңдалып және талқыланып педагогикалық кеңес шешім етті:

ШЕШІМ:

1.№7 Хромтау мектеп –гимназиясының өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мен білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жасалған өзін-өзі бағалау кестесі және қосымша барлық құжаттар электронды және қағаз түрінде Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне 1 ақпан күні ұсынылсын.

1.Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы 2022 жылдың 01 наурызынан кешіктірмей мектептің сайтаны орналастырылсын.

2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында мектептің оқу,тәрбие үрдісін ұйымдастырылуы мен мұғалімдердің кәсіби қызметтеріне дарлығы боынша анықталған көрсеткіштерге берілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес іс-шаралар жұмыстары жоспарланып,орындалуы бақылауға алынсын.

Кеңес төрағасы:
Хатшы:

Э.К.Культаева
А.Ш.Жекеева

